


ТЕЛЬМАН ЖАНҰЗАҚОВ

азаматтар



«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ

Алматы — 1974

32Каз5
Ж27

Жанұзақов Тельман.

Азаматтар. Очерктер жинағы.
88 бет.

Алматы, «Қазақстан»,

Қазақ «Азамат!» деген мақтау сөзді екінің біріне айта бермейді. Осы тұрғыдан келгенде автор өзінің жинағын «Азаматтар» атауы да тегіннен-тегін емес. Кітап геройлары — мейлі ол көк толғақ ды тілгілеген теңізші болсын, мейлі советтік жас патриот болсын, мейлі Отан үшін жан қиған жауынгер болсын, — қарапайым совет адамдары өз міндеттерін, ел алдындағы парыздарын нағыз азаматқа тән абзал мен адал атқарып жүрген абзал жандар. Әр кезде әр қиырдан, аяқ жағдайдан алынып жазылған бұл очерктердің барша кейіпкерлері Азаматтарға ортақ бір қасиет бар. Ол — коммунистік идеялылық, советтік патриотизм. Оларды ерлікке бастайтын да, төзімділікке тәртәлейтін де, адалдық пен абзалдыққа үйретіп, батылдыққа баулау да сол.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған кітаптың авторы — есімі белгілі журналист Тельман Жанұзақов. Ол — баспасөз қызметіне белгі араласып жүрген қаламгер.

Ж $\frac{0164-83}{M 401 (07)-74}$ 164—74

© «Қазақстан» баспасы, 1974

МҰЗ ҚҰРСАУДА*

Моторлы — балық аулау станциялары мен колхоз істері бойынша Гурьев облыстық басқармасының бастығы Жазықбаевтың кабинетіне радист қыз жүгіре басып тым асығыс кірді. Ауызғы бөлмеде отырғандарға сәлем де берместен, тақтай еденді тасырлатып, құйындай ұйытқып өте шықты. Аңқиған ауыздар, аңырған жүздер, ынтызар көздер — бәрі де бастық кабинетінің есігіне ауып, соны телміре бағып қалған.

Радист қыз, асылында, өте қарбалас хабар әкелген тәрізді. Жазықбаевты бүгін бірінші рет көріп тұрғанымен, оған да амандаспады.

— Міне, жаңа ғана алдым! Апат туралы хабар!— деп қолындағы бір жапырақ қағазды стол үстіне тастай берді.

Әншейінде есіктен басын ғана сұғып: «Рұқсат па?» деп әдеп сақтап тұратын ұяң мінезді, сабырлы қыздың осыншама дегбірсізденген түріне таңырқай қарап отырған Жазықбаев «Апат!» деген соңғы сөзді естігенде, жайлы креслосынан егде адамға тән емес ширақ қимылмен атып тұрды да, жаңағы қағазды қос қолдап ұстай алып, тез-тез оқи бастады.

«Апаттық радиограмма нкт Жазықбаевқа үтр Ақмаевқа үтр Трускинге үтр Лесинге үтр Моховиковқа нкт «Отважный» теплоходы тесілді нкт 5,5 метр тереңдікте ығып жүрміз нкт Новинск ауданында батыстан шығысқа қарай ығып келеміз нкт Бортымызда 20 балықшы бар үтр суды

* Оқушыға бірінші ескертерім: бұл очерк марқұм Жүсіп Жұмахановпен бірігіп жазылған. Екінші айтарым: Кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған бұл очерктерді жинақ етіп баспаға әзірлеу үстінде қайта жазып, әдеби шығарма деңгейіне дейін «көркемдеуге» болар еді. Бірақ мен олай «көркемдемедім», әдейі сол уақыт табының аптығы сезіліп тұрған табиғи қалпында қалдыруды жөн көрдім, өйткені, бұл очерктерде сол өздері жазылған жылдардың тарихи дерегі есепті ғой. Автор.

қолмен төгудеміз нкт Дереву көмек берулеріңізді сұраймын
Черкасов»

Туламай тыныш жататын, «жуас» теңіз болмайды.
Олардың бәрі де сәттен-сәтке ашу шақырып, таудай толқын-
қындарын тулатып, дауылдатып тұрады.

Осы жағынан алып қарағанда, кәрі Каспий нағыз көз
жалдың өзі деседі байырғы балықшылар. Өмірлерін талай
дан бері теңіз үстінде өткізіп келе жатқан сол адамдардың
айтуынша, Каспийдегі дауылды күндердің саны орта есеппен
алғанда жылына үш жүзден асатын көрінеді.

Каспийдің «тым тынышсыз теңіз» атануының тағы
бір себебі — ондағы толқындардың белгілі бір бағытта
емес, қалай болса солай бей-берекет толқынданатындығы
да деседі. Мысалға, толқындары бір бағытта жүретін ба
қа теңіздерде кеменің тұмсығын желге қарсы қойса, теңіз
селу де, шайқалу да азайып, теңізшілерді қатты қалжыра
пайды. Оның үстіне аударылып кету қаупі де азаяды.
Каспийде толқын көбінесе алдыңнан да, артыңнан да, бү
ріңнен де соғады. Бұл әсіресе желкенді қайықтар үшін ө
қолайсыз.

Каспий теңізінің бір шеті оңтүстіктегі аңызға қалып
аптап ыстықты шөл далаларға сұғына кіріп жатса, екінші
шеті көкорай шалғынды, ну тоғайлы, ылғалды орыс жері
барып жалғасады. Оңтүстіктен, сонау Африка құрлы
мен араб, парсы жерлерінен аптап аңызға ессе, солтүсті
тен салқын самал соғады. Ауадағы екі түрлі ағыс осы Ка
спий үстінде келіп түйісіп, бірін-бірі жеңісе алмай, к
райының сәт сайын құбылуына әкеп соқтырады. Дамылс
дауыл да, шым-шытырық «тәртіпсіз» толқын да, «шымыр
деп аталатын теңіз құйыны да осыдан туады.

Кәрі Каспийдің кесепаттығы сондай — оның «тыны
сыз» толқынына осында туып-өскен адамдар болмас
сырттан келгендердің көбі шыдай алмайтын көрінеді. М
салға, өткен жылы атақты Қара теңіздің өзінен каспийлі
герге көмекке келген бір топ балықшы кәрі теңіздің к
жойқын толқындарына төзе алмай, қайтып кетіпті...

Әсіресе биылғы көктем өте-мөте құбылмалы болды. Те
ңіздің солтүстік-шығыс бөлегінде күн райы бұзылып, кене
тен суытып кетті. Теңіз бетінде әйнек тәрізді қабыршақт
нып жұқа мұз қата бастады. Гурьев облысы балық аул
қолхоздарының қайық-кемелері теңіз тамағындағы* Ора
Каспий каналына келіп паналады.

* Теңіз тамағы — теңізден өзенге шығатын жер.

Жоғарыда аталған «Отважный» теплоходы басқа кемелермен бірге осы кезде жаңағы балықшы қайықтарының күзетінде жүрген еді.

* * *

Бұл өзі жүз елу аттық қана күші бар, болат корпусты кішкентай теплоход. Көлденені — он, ұзындығы — отызқырық метрдей. Моторлы-балық аулау басқармасы мен Орал-Каспий тресі оны теңіз үстіндегі кәсіпшілік жағдайын біліп отыру үшін қатынас құралы ретінде пайдаланады.

Теплоходтың капитаны Василий Иванович Черкасов отыздан жаңа ғана асқан, тоғыз жылдық тәжірибесі бар теңізші. Оның орта бойлы шомбал тұлғасынан, орыстан гөрі татарға көбірек ұқсас, қарақат көзді, қою қара қасты байсалды жүзінен, асықпай сөйлейтін құлаққа жағымды қоңыр үнінен, салмақты жүріс-тұрысынан — бәрінен де сабырлы адам екендігі, нені болса да байыппен, тап-тұйнақтай етіп ұқыпты істейтіндігі айқын көрініп тұрады. Сөзге сараң, көбінесе үндемей жүретін болғандықтан тымпиған тұйық адам тәрізді көрінетін.

Ол жөнсіз қазымыр қаттылықты жаны сүймейтін, бірақ керек кезінде қатал да, талапты да бола алатын, артық сөзі, ағат әдеттері жоқ капитан еді. Мақтануды да, мақтауды да білмейтін. Басқа кейбір капитандар топтасып жинала қалғандарында, бастан кешкен нелер жайларды еспелей айтысып, желбуаз әңгімелерді гулете соққанда бұл үнсіз ғана тыңдайды да отырады. Бейне оның басқалардай бастан кешірген қызықты оқиғалары да, айтар әңгімесі де жоқ секілді. Бірақ талайды көрген көкжал теңізшідей ештемеге де таңданыс білдірмейді.

Кейде капитандардың басы қосыла қалған кездерде олардың ішінен көкмойын қуды көксеген бір-екеу табыла қалатын да, басқалары солардың ұсынысын қуаттап, көңілдірек отыру үшін біраз «тастап» та алатын. Черкасов бұл іске де нағыз «сопының» өзі еді. Ішпеуін былай қойғанның өзінде, ол темекі де тартпайтын. Капитандар қауымы оның бұндай оқшаулануын жақтырмайды.

Черкасовтың елден ерекше тағы да бір қасиеті — оның теңізде болсын, жағада болсын желікпе батырлыққа бара қоймайтындығында. Мысалға, басқа капитандар жұрт көзіне шалыну үшін кемелерін жағаға немесе басқа тұсқа әкеп

жақтырарда* соған қарай тым қатты жүріспен турал таяп кеп, шәлке** тастар жер қалғанда ғана жалт бұрылып жанаса бастайды. Ал Черкасов болса, әр уақытта да е баяу жүріспен келіп, жайлап жағады. Өйткені ол жоғары дағыдай желікпе батылдыңтың бірде болмаса, бірде апа қа ұшыратуы мүмкін екендігіне кәміл сенеді де, қажет тәуекелге бармайды.

Мінеки, осындай мінездеріне байланысты көптеген и питандар ол туралы «Қолынан түк келмейтін жасық адам бұдан теңізші шықпас!» — дейтін.

Осы бір пікірлерінің қате екеніне олардың осы көкте де көзі жеткен еді. Бұл жөнінде кейінірек айтамыз.

Капитанның аға көмекшісі Түсбай Ісмұхамбетов ж ырма бес-жиырма алтылардағы жас жігіт. Оның те толқынын кешкеніне сегіз жыл болған. Ал «Отважный» келгеніне оншақты-ақ күн. Команда құрамында бұл еке нен басқа сегіз адам бар. Олар: тұлғасы батырға бітк момын мінезді Олег Игнатъев, басынан қара телпегі т пейтін Гена Зугров (екеуі де рулевой), аппаратын бәйге қосатын жүйріктей баптап, қай кезде қандай жағдай болмасын хабарласпай қоймайтын радист Саша Гонс жайдары да қунақы мінезді механик Юра Зеленко, к тәрізді ұялшақ моторист Леша Смыкунов, аузыңнан сі кейіңізді шұбыртатын тәтті тағамдар әзірлейтін Шу апай, адамға көп жұғыса қоймайтын бұйығы Викт Слита...

* * *

«Отважный» Орал-Каспий каналының Жайыққа жасасатын жерінде тұрған болатын.

Таңертеңгі тамақты ішкеннен кейін Черкасов вахтағы матростарына тиісті тапсырмаларын берді де, өзі кішкентай каютасына келіп, кітап оқуға отырды. Ол кітаптың бір-екі бетін де аударып үлгірмеді, жоғарыдан әлдекінің баспалдақты тасырлата басып, асығыс түсіп келе жатқан дыбысы естілді. Міне, каюта есігі сықыр етіп ашылды да, қолында бір жапырақ қағазы бар радист Саша кел берді.

— Василий Иванович, Жазықбаев пен Ақмаевтан радиограмма. Қазір ғана қабылдадым.

* Жақтыру — жағаға жанамалап тоқтау.

** Шәлке — кемеңі жағаға не басқа кемеге тіркеп қоятын ар

«Отважный» Черкасов нкт Дереву теңізге шығыңыз үтр Туманның маңында екі реюшка мұз қыспағында қалған үтр Көмек көрсетіңіз нкт Жазықбаев Ақмаев».

... Бас-аяғы жарты сағаттай да уақыт өткен жоқ, турбасының апандай аузынан қою қара түтінді будақтата шығарған «Отважный» көк толқынды үшкіл кеудесімен қақ жара тіліп, артында көпіршіген ақбурыл із қалдырған күйі — жіті жүріспен кең каналдан шығып, теңіз тамағына қарай тура тартты. Сәл ғана күштілігі болмаса бұдан ешбір айырмасы жоқ «Горняк» та жоғарыдағыдай бұйрық алған болу керек. Ол да дереу шәлкесін босатып, «Отважныйдың» ізіне түсті. Көп ұзамай екі теплоходтың капитандары да радио арқылы хабарласып, өздерінің бір тапсырмамен келе жатқандықтарын білісті.

Бірақ бұл сапарда екі капитанның бірлесіп жұмыс істеулеріне тура келмеді. Рейдке шығып, бірнеше миль* жүзгеннен кейін олар Жазықбаевтан жаңа радиogramма алды. Апатқа ұшыраған екі реюшка аман-есен құтылыпты, енді көмекті де қажет етпейтін көрінеді. «Горняк» өзінің барылдақ сиренасын екі-үш рет ақыртып, «Отважныйға» оң сапар тіледі де, каналға қайтты. Ал қосымша нұсқау алған Черкасов кеме тұмсығын норд-вестке** бұрып, Новинскиге қарай тартты. Олар онда колхоз істері бойынша облыс өкілі келгенге дейін моторлы-балық аулау станциясының басқармасына кәсіпшілік жағдайын хабарлап тұруға тиісті еді.

* * *

Бұл кезде Гурьевтен 100 миль қашықтықтағы Новинск ауданынан бастап солтүстік-батысқа қарай күн райы ашық, жылы болатын.

Астрахань облысы мен Теңіз ауданының балықшылары теңіз үстінде балық аулап жүрген-ді.

Шығыс жақ күлді-бадамданып, әлдеқандай күлгін-қызыл түсті тұңғыйық мөлдір бояуға малынып келеді. Бірте-бірте алаулана түскен таң шапағы. Алқызыл арай. Көз ұшында аспанмен астасып, бұлдырап жатқан көкжиек барған сайын айқындалып келеді.

Қырмызы аспанның жалқындап, ең алаулай жанып тұрған тұсы кенет өрт жалынына шарпылғандай болып жай-

* Миль — теңіздегі қашықтық өлшемі, 1852 метрге тең.

** Норд-вест — солтүстік-батыс.

нап кетті де, көгілдір кемерден дөп-дөңгелек қызыл көтеріле бастады. Ол жоғарылаған сайын көз ұялтарындай жалтырап, айналасындағы күлгін бояуға шапса сары сәулесін кұйып, сейілтiп барады. Манадан бері кнау қимылмен лықси толқып жатқан қорғасын түстес а толқындарға да жан кіргендей болып, теңіз бетінде сәулесі күлім қақты, жарқыл-жұрқыл ойнады. Түне теңіз түксиген қабағын жазып, кеудесін керіп, кең ты тайды, көңілді үнмен сылқ-сылқ күледі.

Түнгі вахтадан кейінгі ұйқыдан әлгінде оянған Л Смыкунов осы бір көз тойғысыз көрініске қызықтай к ұзақ тұрды. Асылында, ол өзінің жұмыстан қолы боо қытының көпшілігін теңіз табиғатын тамашалаумен, со көрікті картиналарын қағаз бетіне бояу арқылы түсіру өткізетін. Бұл бағыттағы табыстары да жаман емес б тын. Леша әсіресе сұрғылт бояумен салуға шебер. С әр заттың түсін айқын сезе білетіндігі сондай — сол сү сіз сұрғылт бояумен салынған суреттері неше алуан түр ке енгендей құбылып, жан біткендей құлпырып тұраты.

Дегенмен Лешаның осы суретшілік өнерінің ең бір сі жетпей, шамасы келмей қала беретін жері — тең күшті дауыл кезіндегі кескінін бейнелеу. Бұның салған ретінде бірде таудай толқын соншама сұсты болса да, с сыз сияқты көрінеді, ал бірде теңіз бетін бұйра толқы басып жатса да желсіз, тымық күндегідей әсер қалд ды... Әйтеуір бір жері үнемі жетіспей тұрады.

Сондықтан да Леша теңізге дауылды күндері қара руден жалықпайтын еді. Қараған сайын тонналаған а толқындарды аспанға атып, дүниені астан-кестен ететі ламат зор күштің бұған дейін ескерусіз қалып келе қан жақтарын, жаңа көріністерін ашып, байқай жү Сол көргендерін көз алдында мәңгілік қалдырып, көң түйіп алуға тырысады.

Бірақ бүгін аспан ашық, теңіз беті тыныш. Ұйқы тұрған адамның денесін тоңазытып, сергітіп жіберетін пи соққан салқын самал ғана. Дегенмен асқақ дауы жаны сүйетін Лешаның өзі де теңіз таңының жаңағы тамаша сымбатынан көз айыра алатын емес. Бұл да еркін алған көрініс. Суретшілерге тән сезімталдығы бо билеп алған Леша бұ дүниедегінің бәрін де ұмытып, а лай атқан алтын таңға, сыңғыр-сыңғыр үн қатқан жа өркешті толқындарға, топтана ұшқан күміс қанатты ғалаларға, көз ұшындағы көгілдір көкжиекке ұмсына сіп, телміре қарап қалыпты...

Міне, сонау батыс жақтан көз ұшында бұлдырай көрінген ақжал толқындардың үстінен түйдектелген қою қара бұлт шығып, өрлей берді. Ол барған сайын зорайып, қанатын жайған қаракұс тәрізденіп өсе түсуде. Бірден-бірге қомақтанып, орасан зор жылдамдықпен жақындап келеді. Біршама уақыт өткеннен кейін алғашында бір уыстай ғана болып көрінген әлгі бұлт аспан әлеміне кеңінен жайылып, батыс жақты түгелдей қаптап алды. Бұлт басқан аспан уақыт озған сайын түнере түсіп, сұрғылт тартып барады. Манағы самал жел де қатаяйын деді. Жай ғана лықси жылжып, баяу шұбатылып жатқан толқындар да үлкейіп, біріне-бірі көбік шаша қақтығысып, буырқанып, ашу шақыра бастады.

Тұтқиылдан келіп тиіскен ескек желдің алғашқы екпіні түйенің шудасындай желкілдеген, қалың өскен майда шашын желпіп ізіне түсіргенде теңіз табиғатының өзгеше сұлу құбылысына қызыға қарап, ұйқы тәріздес бей-жай қалыпта тұрған Лешаны шошытып оятып жібергендей болды. Тулай бастаған теңізді көргенде Леша қуанып кетті. Неліктен? Теңізшіге дауылдан қауіпті ешнәрсе жоқ. Ендеше Леша неге қуанады? Бәрі де оның баяғы суретшілік сырында, теңіз дауылын көбірек көрсем, сөйтіп оны қағаз бетіне дәлдеп түсірсем деген құштарлығында еді.

Теплоходтың олай-былай теңселе бастағанын сезіп, бортқа соққан толқындардың шуылын естіген Черкасов өзінің кішкентай каютасынан жоғарыға басқышпен көтеріліп, палубаға шыққанда Леша ескек желге төсін төсеп, күлімсіреп тұр еді. Ол қасына келген капитанды алғашында байқамады. Черкасов қолындағы үлкен дүрбісімен көкжиекті шола беріп:

— Қалай, Леша, дауыл тұра ма деймін? Аспанды бұлт қаптап кетіпті ғой,— деді.

— Иә, Василий Иванович, соғады! Тамаша дауыл болады! — деді Смыкунов қуанышты үнмен.

Черкасов оның мұнысына таңдана қарады да:

— Оның несі тамаша?— дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ. Бұл кезде олар бір жерге шоғырлана топтасып, іркестіркес тұрған желкенді қайықтарға жақындап қалған еді. Балықшылар да дауыл болатынын байқап, барлық желкендерін жығып тастапты. Сидиған мачталар көзге сонадайдан сорайып көрінеді.

«Отважный» үлкен тордың тұрақты кемесіне келіп жақты. Бұлар Теңіз ауданындағы «Жас талап» колхозының балықшылары екен. Сәті түскенде, колхоз бригадирі Қазиев

осы стойкада болып шықты. Жел күшеймей тұрып жамен толық танысып алу үшін Черкасов теплоходқа Қаті мінгізіп алды да, зәкірде (якорь) тұрған басқа столарды аралауға кірісті.

Бірақ олар екі-ақ стойкаға барып үлгірді. Манада рі күш жинағандай болып, ширыға соғып тұрған ескек енді әбден долданып, нағыз әупірген толассыз дауылға налды. Күн көзі қара бұлтқа жасырынып, аспан да, с түнеріп сала берді. Ақ көбігін бұрқырата шашқан а толқындар арыстандай атылып келіп, кішкентай тепл ты мың батпан салмағымен көміп өткенде ортасынан рып, шыңырау түбіне батырып жіберетіндей көрінеді.

«Отважный» бірде жалға шығып, бірде екі толқын сындағы шұңқырға түсіп, әткеншек тепкендей ойнақ әзер-мәзер ілгері жылжып келеді. Оқыстан үркіп, ед қалған аттың басындай шапшыған көкжойқын дүл төбесіне көтерілгенде судан ажыраған денесі сидиып ды да, кеменің өзі толқынның ұшар басында иненің ындай ғана жерге жабысып тұрғандай көрінеді. Астын тіреуі кенет опырылып кеткендей болып, төмен қарай сығымен су сүзе құлай жөнеледі. Құлап келе жатқан ні келесі бір толқын іліп алып, төбесіне көтереді де, қ дан лықсытып төмен қарай тастап жібереді. Өстіп қақпақыл қаққан қыздарша сылқ-сылқ күліп лақтыр реді, ойната береді...

Черкасов Қазиевті өз стойкасына апарып тастады. әрі біраз ілгерілеп барып, қос зәкірді қабат тастауға бүр болды. Бір жақсысы — зәкірлер теңіз түбіне мь жабысса керек, долы толқын қанша жұлмаласа да ж әкете алмады.

* * *

Дүлей дауылдың толассыз соққанына бір жарым т болды. Әлі де тыным алатын түрі жоқ. Қаршадайлар теңіз кешіп келе жатқан балықшылар мен бұдан да қын талай дауылдарды көрген теңізшілерге бұл да емес еді, бірақ толассыз желмен қоса ауа райы да суытып кетті де, су бетінде «шәуіш» деп аталатын қой пақ пайда бола бастады. Бәрін де осы шәуіш сескенд Температура төмендей берсе, оның тұтасынан мұзға лып кетуі мүмкін. Ал онда...

Тоңазыған сорпаның іртік-іртiк майындай болып с тінде қалқып жүрген қойыртпақ кешке қарай, шынынд

тұтасып, әйнек сияқты жұқа мұзға айнала бастады. Жағаға таяу таяз жерде зәкір тастап тұрған екі жүзден астам реюшкалар мен стойкаларға ол өте-мөте қауіпті еді. Өйткені желдің күшімен көшкен мұз кеме-қайықтарды өзімен бірге ықтырып апарып қайранға отырғызады да, ағаш бортқа соғыла-соғыла, ақырында оны пышақпен кескендей етіп қақ ортадан бөліп тастайды. Ішке су толады да, қырқылған кеме теңіз түбіне шөгеді.

Сағат сайын жақындап келе жатқан осынау қатерді балықшылар байқады ма, жоқ па? Белгісіз. Сондықтан оларға тез хабар беру керек еді. Бірақ қалай? «Отважный» таязда тұрған реюшкаларға жақындай алмайды. Өзінің қайранға отырып қалуы мүмкін. Жалғыз ғана амал — прожектордың жарығымен хабарлау. Балықшылар бұл белгіні көре ме, көрсе, түсіне ме? Ол да белгісіз. Оның үстіне өкірген суық желдің өтінде, аждаһадай ақырған мұзды толқының астында тұрып прожекторды басқару да оңай жұмыс емес. Шынтуайтқа келсе, бұл істі жүректі де батыл, сабырлы да төзімді адам ғана атқара алады. Кімге тапсыру керек?

Черкасов бірер минуттай ойға қалып, командасындағы жігіттерді бір-бірлеп іштей көз алдынан өткізіп шықты да, таңдауын рулевой Олег Игнатьев пен өзінің аға көмекшісі Түсбай Ісмұхамбетовке тоқтатты.

Олег қандай қиын жағдай болмасын асып-сасуды білмейтін, екі иығына екі кісі мінгендей батыр тұлғалы, сабырлы да, салмақты жігіт. Оның азынаған желге де, мұзды суға да қыңқ демей шыдайтындығына, тапсырманы да тап-тұйнақтай етіп ұқыпты орындайтынына толық сенуге болады.

Түсбайдың «Отважныйға» келгеніне оншақты-ақ күн болса да Черкасовтың тәжірибелі көзі Түсбайдың талдырмаш денесінде көпті көрген көне теңізшінің өршіл жүрегі, қайсар жаны бар екенін бір қарағаннан байқап та үлгірген еді. Мұнысын Түсбай келгеннен бері ісімен де көрсетіп жүр...

Осы түнгі вахта ол екеуінің де еш уақытта естерінен кетпестей болып өтті. Кезекте алдымен Олег тұрды. Түсбай оны жарым түнде келіп ауыстырды. Өршеленген өркеш толқындар рубканың* төбесіндегі капитан көпіршесіне дейін жетіп, өжет жігіттерді теңіз тұңғиығына жұлып әкетпек болады. Төбеден басып, түгелдей көміп өтетін мұзды су плащ-

* Рубка — кемені басқаратын адамдардың жұмыс істейтін кабинасы.

тың тесік-саңылауларынан мойынға, қойын-қонышқа йылып, денені инемен шабақтағандай тітіркендіреді. кездерде ауыз-мұрынды тұмшалай жауып, дем алдырма тұншықтырып та тастайды.

Бірақ олардың екеуі де табиғаттың дүлей күші алды тізе бүгіп, күйректік көрсете қоймады. Бір қолдарымен питан көпіршесі қоршауының жақтауынан ұстап, екі қолдарымен прожекторды бір жағып, бір сөндіріп тапжымай тұра берді. Ойран-топыр теңіз төскейіндегі қою қарғылықты қақ жарып, түнек қабырғасын жырта тесіп ілмұмтылған осынау жалғыз сәуле алыстан атой беріп, сілтейді. Сұрапыл табиғаттың дүм-дүлейі қаншама ышқыса да, Адам атты алыптың қажырлы қолынан айбыр отты өшіре алмайды. Ол түн түндігін түріп, жана бер жайнай береді...

Таң ата «Отважный» зәкірін көтеріп, мұзы жоқ тазаға қарай бет алды. Өйткені оның түндегі сигналдарын былдаған балықшылар түгелдей тереңге* кетіп ұлген еді.

* * *

Онсыз да алай-түлей болып тұрған күн райы түс кезі мүлдем бұзылды. Жапалақтап қар жауып, ақтүтек бо соғып, айналаның әлем-тапырағы шықты. Ери жауған палақ-жапалақ қар ұлпалары рубка терезелеріне ақ пердей жамылып, сыртқа шыққан адамның қас-кірпігіне нып, бес-алты метрден арғы жерді көрсетпейді. Мұн жағдайда бір метр де ілгері жылжу — апатқа қарай атқан адыммен тең. Өйткені, теплоход қайраңға отырып нем басқа бір кемеге соқтығысып қалуы мүмкін. Сондықтан амалсыздан зәкір тастауға тура келді.

Өнебойы жұмыс істеп, еңбек етуді күнделікті дағдына, қажетіне айналдырған адамның құр босқа қатырғанда екі қолы алдына симайды емес пе? «Отважный» командасы да, Черкасов та дәл осындай жағдайға шар болды. Олар түстен кейін түк бітірген жоқ. Сол з тастаған орындарында тапжылмай тұрды да қойды.

Әсіресе, Черкасов не істерін білмей тықыршып ж Палубаға қырық шығып, қырық түсті. Қар әлі жауып

* Теңіздің терең жерінде толқын таязға қарағанда әлдеқ күшті болады да, жұқа мұзды шыдатпайды, оның тұтаса қатуына кіндік бермейді. Сондықтан терең мұздан таза болады.

Оның үстіне ұйытқыған боран да басылар емес. Теплоходтың тұмсығынан ары түк көрінбейді. Не істеу керек? Бұлардың өзін қойшы: қар басылғанша тұра береді. Тамақ қоры да, жағармай да әзірге жеткілікті. Черкасовтың қабырғасына кешегі балықшылардың жағдайы қатты батады. Олар қазір қайда екен? Не күйде жүр? Мүмкін мынадай ала-сапыранда адасып кеткен шығар? Әлде... жоқ, олай болуы мүмкін емес! Жаманатқа жори алмайды. Алайда не істеу керек?! Не!? Жіпсіз байланып, екі қолдан бірдей күрмеліп отырғаны мынау. Дауыл құрғыры толас алмаса да алдын көрсетпей, көзсіз қалдырып отырған мына ақ құйын тоқтар ма еді, әттең!..

* * *

Қар қараңғы түсе ғана тоқтады. Бірақ кеш еді. «Отважный» балықшыларды іздеуге шыға алмады. Толқын әлі басылған жоқ. Суық барған сайын қатайып келеді. Теңіз бетіндегі қойыртпақ «шәуіш» — тұтасқан мұзға айнала бастады.

Түн ортасы ауа бергенде кеме үстіне аспаннан құлай қонған әлдебір кішкене қара құстар толып кетті. Бұлар қараторғайлар еді. Шыж-шыж етіп шырылдасып, қонып жатыр, қонып жатыр. Бәрі де үйме-жүйме болысып, жылы жерге жемге таласқандай ұмтылады.

Ешкім де ұйықтамаған. Осынау бір ерекше де ғажап жаңалықты алдымен вахтада тұрғандардан есітіп, сонан соң бірінен-бірі хабарланған жігіттер үстеріне шолақ күртелерін жамыла-жамыла салып, жүгіріп палубаға шықты. Құжынаған қараторғайлардың кейбір батылдары ашылған есіктерден шыққан жылы лепті сезіп, матрос кубригі мен салонға сып беріп кіріп те кетті. Ал қалғандары рубканы, люктерді, түтін тұрбасын, палубаны, бакты жағалай қонып алып, тапжылмай отыр. Қастарына барып, қолға алса да қыбыр етер емес. Қанат-құйрықтарын, мойын мең жота жүндерін мұз басып, сіреуленіп қатып қалыпты. Байғұстардың адамнан қорқу тұрмақ қозғалуға да мұршалары жоқ. Дүлей табиғаттың аяз қары аралас сұрапылына тығылар, паналар жері жоқ теңіз үстінде кездесіп, онсыз да талмаусыраған әлсіз қанаттарына мұз қатып, титықтаған бишаралар кеме оттарын көріп, Адамнан араша сұрай келген тәрізді. Кімді де болса толғантар, аянышты көрініс еді, бұл!

Ауыр тыныштық бір-екі минуттай ғана созылды. Сонан соң жігіттер бұрыннан келісіп қойған адамдардай-ақ, еш-

кім ештеме айтпастан, бір кісідей жұмылып іске кіріп. Олар бүрісіп отырған торғайларды қойындарына, бас келдеріне толтыра-толтыра салып алып, кубрик пен салонның жылы бөлмелеріне әкеп кіргізе бастады. Жылыға кіріп соң мұздары еріп, жан шақырған мақұлықтар адамда жаутандай қарап, мың мәртебе алғыстарын білдірген өздерінің түсініксіз «тілінде» шырылдап сайрай жөнелді.

— Байғұстар-ай,— деп күрсіне үн қатты механиктің мекшісі Виктор Слита,— құс екеш құстың да қанаты талмынадай күйге ұшырағанда біздің күйіміз не болмақ! Мына түн қандай қорқынышты еді! Бір пәлеге ұшып қалсақ, кім құтқарады?

— Не айтып тұрсың өзің?— Анау-мынауға ашу шақырмайтын Черкасовтың сабырлы жүзіне қан ойнап шықпай келді. Слитаның өңменінен өте оқтай қадалған қара мұздарынан от шашып тұр. Әдеттегі майда лебізді қоңыр дақтары да бұл жолы қатқыл шықты. «Құс екеш құс та... біздің күйіміз не болмақ!» Ұялсаңшы осындай сөзді айтудан? Жол боп қалды соншалық? Су түбінде батып барамыз ба? Жол жолдастар, бұл жарамайды. Біз адам емеспіз бе?! Адам болғандықтан нендей қиындық болса да жеңуге тиіспіз. Құстар да бізді адам болғандықтан паналап кеп отыр. Мұнадай қиыншылықтарға төзе алмайтын, оларды жеңе алмайтын болсақ, несіне адам, несіне теңізші атанамыз!? Сен, Слита, қайдағы бір құлаққа қонбайтын нәрсені айтып отырсың. Сонда өзіңді құстан гөрі қауқарсыз, дәрменсіз санайсың ба? Болмайды мұның, жігітім, болмайды. Тіреспей отырып тізе бүгу — қорқақтың ісі. Ал қорқақтың күні қарайды. Ол суға түсерде өз мойнына өзі тас байлаған адаммен теңіз түбіне тоқтаусыз кетеді... Ендігәрі мұндай сөздерді естімейтін болайын. Жалғыз Слита емес, бәріңе де білетарым осы...

Жігіттер капитан сөзін үнсіз ғана тыңдап, іштей қосылған тұр. Тек Слитаның жүзінде ғана иланбаушылық нышан әлдебір қобалжу мен үрей ізі бар.

* * *

Түнгі сағат 2 шамасында тұтаса қатқан мұз далалық батыстан шығысқа көше бастады. Мұндай жағдайда зерттеу тастап, бір орында тұру мүмкін емес. Өйткені мұз нөпірмен зәкірді жұлып әкетеді, не кеменің корпусын қиратып, алдымен қа ұшыратады. Сондықтан мұз көшіне ілесіп, ыға беру басқа амал жоқ.

Таң ата «Отважный» ығуды тоқтатып, жағаға қарай бет алды. Сол маңайдағы таязда бір топ балықшы қайықтары ығып жүрген еді. Тезірек барып, тереңге шығармаса болмайды. Өйткені мұз таязда жүрген кемені қайраңға апарып отырғызады да, қырқып кетеді.

«Отважный» алға қарай әрең жылжып келді. Мұз көшкіні кішкентай теплоходтың алдын әлсін-әлі бөгей береді. Жалпия созылып жатқан үлкендерін айналып өтсе, кішіректерін тұмсықпен соғып қиратып, жол ашып келеді. Әрбір метр оңайлықпен берісер емес.

Сеңмен соғысып, толқынмен тіресіп ілгері ұмтылған қайсар теплоходтың мұз құшағынан алғашқы алып шыққаны 3 стойка мен 1 реюшка болды. Төртеуінде жиырма бір балықшы бар еді...

«Новая жизнь» колхозының 7 қайығы кешегі дауыл кезінде бір жерде тұрған болатын. Түнде мұз көше бастаған кезде де олар жұбын жазбастан, топтаса ықты. Таң ата мұз аумағы көбейіп, олардың қыспағы да күшейіп кетті. Әжептеуір үп-үлкен қайықтардың қалың тақтайдан жасалған мықты борттарына жел екпінімен жөңкіліп келіп, тарс соғылғанда сатыр-сұтыр сынады да, қайықты сығып жіберетіндей болып сықырлата түседі. Әйтеуір бір тәуірі әлі қайраң кездескен жоқ.

Бірақ көп ұзамай-ақ қатерлі қауіп төнейін деді. Анығырақ айтқанда, кенеттен жылт шыға келіп, жұрттың жүрегі мұздатып, суық құшағына құшуға айналды. Ең шеткі екі стойка қайраңға тірелді де, мұз қыспағына төтеп бере алмай, жұрттың көз алдында қақ орталарынан қажалып, қырқыла бастады. Ақ шүберектей бозарып кеткен беттерінде бір тамшы да қан қалмаған балықшылар басқа қайықтарға түгелдей ауысып үлгірмеді, темірдей берік, пышақтай өткір құрсауға түскен стойкалар біртүрлі сықырлап, шиқылдап барып быт-шыт қирады да, біртіндеп суға бата берді. Олардың орнында бірінің үстіне бірі шыққан мұз үйіндісі ғана қалды. Біраздан соң ол да жоғалып, қатыгез теңіз түк көрмегенсіп жата берді. Жұрт соңында қалып секіре жүріп, суға да малшынып, жақындағы қайыққа әзер жетті. Сәл кешіккендерінде, жағадағы стойкалармен бірге су түбіне кетіп-ақ қалатын еді.

Алайда қалған бес қайықтағы адамдардың өміріне төнген ажал ызбары бұрынғысынан айқын сезіліп, жақындай түспесе, алыстамаған еді. Мейірімсіз мұз көпірі оларды жаңағы екі стойканы жұтқан қайраңға қарай ақырын ғана

ықтырып келеді. Жиырма адам бір-бірімен үнсіз ғана тасып, ақтық демдерін іштеріне алып тұр.

Дәл осы кезде әлдекімнің толқын шуылы мен мұз қырының тұлабойды тітіркендірген азапты дыбысын шыққан қуанышты айғайы саңқ ете түсті.

— Кеме!!! Қараңдар, кеме!..

Мойындарына су кеткендей болып, мөліп тұрған жастарын бір кісідей жалт бұрып, көз ұшында, алыста жатқан кішкентай кемені көрді. Ауыздарынан «Уһ!» деген күрсініс те қатар шықты. Бірі күліп, бірі жылап, бірі киімдерін аспанға атып жатыр...

У-шу, азан-қазан.

Осы жұрттың арасында колхоз председателінің орынбасары Кондратов та бар еді. Ол дүрбісін алып қарап берді де, келе жатқан кеменің «Отважный» екенін жақын көрінбесе де нобайынан таныды. Теплоходтың үлкен қысықпен әрең жылжып келе жатқанын да көрді ол. Осы шашындырады. Көмек пе, жоқ әлде өлім бе? «Отважный» ма, қайраң ба? Қайсысы бұрын жетеді? Екеуі де жақын дап келеді, әсіресе қайраң таяу қалған сияқты.

Екі арада үш-төрт жүз метрдей қалғанда «Отважный» балықшылардың қатерлі хал-жағдайларын анық байқап жүрісін арттыра түсті. Сәті келгенде оның алдындағы кен мұздар да азайып, жол едәуір тазарды.

Қайраңға тағы да бір қайық барып тірелді. Бірақ кезде «Отважный» да жетіп үлгірген еді...

Қатерлі жағдайды көргеннен кейін Черкасов бірер нуттай ғана ойланып қалды. Не істеу керек? Қайықта тіркеуге алып, сүйретіп әкету мүмкін емес. Мұз бұрынғынан да арман тұтасып, көбейіп кетті. Теплоходтын теріс қайта шығуының өзі де екіталай.

«Отважный» он бес-ақ адамдық кеме. Көлемі де, қуаты да, құтқару құралдары да осы шамаға ғана жеткілікті. Балықшыларды өз бортына қабылдағанмен жолшыбай пәлеге ұшырай қалса қайтеді? Бірақ оларды анық өлтіріп тастап кетуге және болмайды. Бұл теңіз заңына, теңізшілер дәстүріне жатпас еді.

Сөйтіп бас-аяғы бес-он минуттың ішінде жиырма балықшыны теплоходқа мінгізді де, тездетіп кері тартты. Шынында да да, қайтар жол келер жолдан әлдеқайда қиын, қатерлі болды. Мұз құрсауының тұтасып кеткендігі сондай — жарып өту үшін «Отважныйға» үнемі кейін шегініп, сонымен бар жүрісімен алға қарай екпіндеп келіп, тосқауыл мұз

тұмсығымен сүзе сындырып отыруға тура келді. Штурвалға Черкасовтың өзі тұрды.

Ілгері-кейін, ілгері-кейін...

Мұз көшкіндері теплоходты екі бүйірінен қысып, жаныштап, қабыстырып жібермек, тұмсықтан итеріп, аударып тастамақ болады. «Отважный» бой берер емес. Моторын ышқына гүрілдетіп, барған сайын ілгерілей түсуде.

Двигательді салқындатып тұратын кингстондар мен мотор бөліміне су жіберетін фильтрге (сүзгі) әлсін-әлі қар мен мұз кептеліп қалады. Оларды Леша Смыкунов пен Юра Зеленко тазалап отыр. Екеуі де әбден қалжырады. Бірақ жұмысты бір минут та тоқтатуға болмайды. Тек алға қарай, тереңге қарай кету керек. Қауіптен олар сонда ғана құтылады. Мұны Юра да, Леша да жақсы түсінеді. Екеуінің қолды әйнектей тіліп түсетін өткір мұзға да, саусақтың ұшынан шымшып, тұла бойды аралап өтіп, миды қаритын аязға да қарамастан жұмысты екілене істеулері де сондықтан.

Кешегі түнгі оқиғадан кейін бұрынғысынан да ары бұйығыланып, тымырайып алған Слитаның мүлдем ұнжұрғасы түсіп кеткен. Ол таң атқалы ешкімге ләм деп жауап қатқан жоқ. Өзіне берілген тапсырмаларды үнсіз ғана тындайды да, сылбыр қимылмен орындауға кіріседі. Жүзіндегі кешеден қалған үрей ізі де әлі айықпаған. Теңіз бетіне әлсін-әлі сескене көз тастап қояды...

«Отважный» әр метр үшін арпалысып алға жылжып келеді. Рульде — Черкасовтың өзі. Қеме командасындағы бір адамның да қолы бос емес. Бәрі де өз орындарында. Тіпті Шура апай да біресе жоғарыға көтеріліп, біресе төменге түсіп, тыным таппай жүгіріп жүр. Жүгірмей қайтсін! Азықтары таусылып, аштыққа ұшыраған жиырма адамды тамақтандыру оңай болып па! Оның үстіне өзінің сайдың тасындай тоғыз «ұлы» және бар. Олар да ауыздарын ашып, анасынан тамақ тілеген балапандарша жаутандап Шура апайдың қолына қарайды. Шура апай бәріне де үлгіреді, бәрін де тойғызады. Ол, керек болса, кешегі түннен осында қалып қойған қараторғайды да ұмытқан жоқ. Құс та өз сыбағасын алды.

...«Отважный» өгіз арбаның іш пыстырар шабан аяңынан да баяу жүріспен алға жылжып келеді. Бірақ оны тоқтата алатын ешбір күш жоқ тәрізді. Өйткені ол бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара қимылдаған тағдыры бір туыс-азаматтардың қолында. Ал бұл кезде теплоход бортында келе жатқан жиырма балықшының мәнағы қатерлі

қайраңның жанындағы мұз құрсауында қалған қайықт түгелдей теңіз түбіне шөгіп кеткен еді.

Таң ата «Отважный» мұз құрсаудан құтылып, терең таза суға шықты. Екі тәуліктен бері көз шырымын алма Черкасов каютасына кіріп, жаңа ғана жантайған еді. Ілінер-ілінбестен қайтадан оянып кетті. Бас жағы мұз аласарып, аяқ жағы жоғарылап кетіпті. Жастығым т қалды ма дēп қарап еді, бірақ орнында екен. «Толқын әсері шығар»— деп ойлады Черкасов. Алайда, каюта жаңағы қалпы бір-екі минуттан соң да өзгермеді: есігі ғарыда, төрі төменде.

Бәрі де бірнеше минуттан кейін белгілі болды. Балшы қайықтарын жалмап жұтып, теплоходқа тосқауыл сап, қыспаққа алған мұз құрсауы «Отважныйды» өз құғынан оңайлықпен босатпаған екен. Өңешінен өткізе алма да, есесін жібермеді. Үш жерден ең салыпты: теплоход темір корпусы мен жағармай құятын цистернасы тесі қалыпты. Сол үш тесіктен ішке кірген су теплоходтың жағын басып, қисайтып барады екен. Бірақ балықшы қайсарлық көрсетіп, тынымсыз күресті.

Мұз құрсауынан құтқарылған жиырма балықшы отған салон мен капитанның каютасына су тола бастады.

О бастағы Черкасовтың апат жайындағы радиogramсын моторлы-балық аулау станциялары мен колхоз іс бойынша Гурьев облыстық басқармасының бастығы Жазықбаев дәл осы кезде алған еді.

Бұл радиogramма жалғыз Жазықбаевты ғана емес, облыстың балық шаруашылығы жөніндегі бастықтарын түгелдей толғандырды. Керек десеңіз, бұл хабар Астраханьдағы жолдастарды да дегбірсіздікке түсірді. Өйткені теңіздің кенет қатқан мұз далалары басқан ауданында Астрахань облысының да жүздеген балықшы қайықтары жүрме болатын. Оларға көмек көрсете алатын бірден-бір теплоход корпусы моторлы кеме «Отважный» еді. Енді, міне, олар өзі де тесіліп, өте қауіпті жағдайда қалды.

Бірақ совет адамдары бірін-бірі қандай қиын-қысық жағдайда болмасын жалғыз тастап, қол созбай отырма ма? Бұл жолы да солай болды. Мұз қыспағында қалған балықшылар мен «Отважный» теплоходының тағдыры жөнінде деген адамдарды толғандырды. Гурьевте «Отважный» қауіптен құтқару жөнінде арнаулы комиссия құрылып, авиация іске қосылды, «Отважныйға» көмекке «600», «Серп и молот», «ПТС — 13» теплоходтары және «Комсомолец», «Комсомолец» кемелері жіберілді.

* * *

Отважныйдың командасы мен оның бортындағы балықшылар бастарына қауіп төнгенде алды-алдына бас сауғалап, сасқан жоқ. Олар алғашқы қорқыныштарын жеңе білді. Сөйтіп ішке кірген суды қаз-қатар тұра қалып, бір кісідей ұйымшылдықпен сыртқа төге бастады. Өмір үшін арпалыс төрт сағатқа созылды. Бәрі де шаршады. Бірақ ешкім де өз орнынан кеткен жоқ. Ақыры тесік бітеліп, су да сыртқа төгіліп болды. Кеме өзінің бұрынғы қалпына келді...

Ертесінде көмекке жіберілген «6032», «Коммунар», «Комсомолец» кемелері де келіп жетті. «Отважный» бортындағы балықшыларды соңғы екеуіне отырғызды да, тесіліп қалғандығына қарамастан теңіздің о шеті, бұ шетінде бытырап жүрген балықшылар флоты түгел табылғаннан кейін өз күшімен Гурьевке келіп, жөндеуге тұрды.

«Отважный» теплоходы өзінің атына сай осындай ерлік етті. Қиыншылықта өзі бас сауғалап қаша жөнелмей, дүлей табиғаттың күшіне қаймықпай қарсы тұрды. Бірнеше кемелерді апаттан құтқарып, отыз екі адамды айқын өлімнен аман алып қалды.

Әдетте, «ерлік» деген сөз айтылғанда жеке адамдардың жүрек жұтқан батылдығы, таңғажайып ерекше істері көз алдына келеді. Ал мұнда ешкім де ерен көзге түсіп, бөлекше жарқ ете қойған жоқ. Бәрі де өз орындарында болды, өздеріне тапсырылған жұмысты қандай қиыншылықта да бір минутқа тоқтатпады. Бұл — топтан жырыла шықпай, жеке-жеке алып қарағанда елеусіз сияқты көрінетін адамдардың бірігіп жасаған ерлігі!

Тек Виктор Слита ғана күйректік көрсетті. Гурьевке келгеннен кейін ол арыз беріп, теплоходтан кетті. Теплоход қана емес, теңізбен де біржола қош айтысты...

Ал капитандар қауымы Василий Иванович Черкасовты бұрынғыдай сыртынан «Қолынан түк келмейтін қорқақ капитан» деп жамандамайтын болды.

* * *

Кейін «Отважный» теплоходы экипажының ерлік істері Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюро мәжілісінде арнайы сөз болып, азаматтық жасаған коллектив мүшелері түгелдей Орталық Комитеттің Құрмет грамотасымен наградталды.

Каспий — Алматы
апрель, 1958 ж.

АЗАМАТ

— Өздерін азаматпыз, Отан ұланымыз деп есепте қазақ жігіттері! Комсомол сендерді республикамыздың қара металлургияның алыбы Қазақстан Магниткасының құрылысына шақырады. Металлург мамандығын меңгеруге шақырады!

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің осы шақыруына жүрек қалауымен үн қосқан сайдың тасындай астам жүз азамат жастайынан туып өскен жайлы орын, жұмыс төсектерін тастап жолға шықты. Бауырлас Россия Федерациясы мен Украинаның ірі-ірі өнеркәсіп орталықтарына қиын да құрметті металлург мамандығын үйренуге аттанды. Жастар газеттері «Лениншіл жас» пен «Лениншіл сменаның» арнаулы тілшісі деген мандат ұстап, мектеп солардың ізімен сапар шектім.

1. ДЕМИДОВ КӨЛІ

Орыс жерінің кен қоймасы атанған кәрі Оралдың кең табиғаты бұл шақта өзінің барша сымбатына еніп тұрып тұр екен. Қайда көз тастасаң да мүлгіген ну орнының құшағында жатқан тау сілемдері, баяу ғана сырттай аққан мөлдір бұлақтар, бұлыңғыр мұнар жамыртас сұр айдынды шалқар көлдер... Түп жақтары сып-сыпыр додабас зәулім шыршалар атқан оқтай тіп-тік болып тұрғанын соза тәкаппар өссе, нәзік жапырақты ақ қайың майыса бой түзеп, қыздай сызылады. Салбыраған қарындас бұтақты бұп-бұйра бастарын жер бетіне қамыға иіп тұрған Көкірегінді шайдай ашып, іші-бауырыңды мұздатады. Тап-таза салқын ауа алыстағы туып-өскен Қарқарағайларын еске түсіреді. Бірақ онда тау беткейлері тіп-тіп келіп келетін де, жақпар тасты үшкір шыңдар сонау

қау аспанға ұмтылып, қияндап кететін. Мәңгілік мұз бен қардың суық патшалығы да жақындығын сездіріп, ызғар соғып тұрушы еді. Ал мұнда мүлде басқаша...

Свердловскіден Нижний Тагилге дейін электричка жүреді екен. Осы жолдың бойында аттары әсем әуезді болып келетін Исеть, Аять, Таватуй, Шурала, Ключики тәрізді станциялар орналасқан. Солардың бірінде орыстың өткен заманғы белгілі металлургі Прокофий Демидовтың құрметіне салынған мұнара бар. «Демидов мұнарасы» — ол осылай аталады.

Демидовтар өздері өмір сүрген дәуірдегі (XVII—XVIII-ғасыр) жұпыны техниканың дәрменсіздігіне қарамастан шойын қорытуда аса үлкен табыстарға жеткен адамдар. Орыс жеріндегі кара металлургияның ірге тасын қаласуда Демидовтардың үлесі өте-мөте зор болды. Жұрт арасына әсіресе кең жайылған Прокофий Демидовтың (1710—1786) есімі. 1740 жылы Невьянск заводындағы Прокофий салдырған 72 текше метрлік домна пеші тәулігіне 14 тонна шойын шығарып тұрған. Европа елдері мұндай қуатты пешті 1840 жылға дейін сала алмаған.

Прокофий Демидовтың бұл табыстарының сол кездегі шама-шарқы бойынша салмақты да зор болғаны соншалық — көптеген адамдар шойын қорыту ісінде одан ешкімнің де асып-түсе алмайтындығына кәміл сенген. Тіпті Демидовтың өзі де осы пікірден аулақ болмаған. Бірақ «көкжал металлург» техникалық ойдың келешекте қандай қарқынмен дамитынын, қазіргі домна, мартен пештері, кокс батареялары тәрізді кереметтердің дүниеге келетінін, бір кезде дүрілдеп тұрған Демидов әдістерінің металлургия тарихын зерттеудегі деректерден басқа әжетке жармай қалатынын ол кезде қайдан білсін!..

Бір өзі кіші-гірім қаланың аумағындай жерді алып жатқан Нижний Тагил металлургия комбинатының бұрқыраған қою түтіні зәулім мұржаларын, аспанмен тілдескен алып домналарын, айналасы ат шаптырым келетін үлкен-үлкен корпустарын көргенде сол Демидов еріксіз есіне түседі. «Қарт Оралдың кеудесінен орын тепкен кереметтердің баршасын өз көзімен көрсе, қайтер еді?» — деп ойлайсың.

Біз айтайық деп отырған жиырма қазақ жігіті бір кезде сол Демидов салдырған, қазір еліміздің кара металлургия өнеркәсібінің алыптарының бірі — осы Нижний Тагил комбинатында коксохимиктер мамандығын меңгеруде екен. Жиырмасы да Жамбыл облысынан.

... Олар 20 еді. Қазір 19. Біреуі қайда, оған не бо... Ол жоқ, ол өзінің қалған 19 жолдасының көз алдында мәңгі-бақи жоқ болды. Мазасызданбай-ақ қойыңыздар ешқандай қатерге ұшыраған жоқ, қол-аяғы балғадай аман-есен жүріп жатыр. Бірақ оны ешкім де оңған сезіне еске түсірмейді. Ол опасыздық жасады, адамдық абыр-жайын, жігіттік намысын аяққа басып, арсыздықпен ауылдан на қашып кетті. Осынысының өзі аз болғандай өте жиіркенішті істі мойнына жүк етіп ала кетті. Ол бір бақтан ас ішіп, ащы мен тұщыны бірге татып, бірге біреуімен жолдастарының заттарын ұрлап кетті.

Ал қалған он тоғызы ше? Олар қалай оқып жатыр? таздары кім, қал-тұрмыстары қалай?

Жоғарыда айттық, олар коксохимиктер мамандығын үйренуде. Коксохимик — қара металлургия кәсіпорының ішіндегі басты тұлғалардың бірі. Бұл өндіріс алдымен кәдімгі тас көмірді домна пештеріне жағу коксқа айналдыратын болса, екінші жағынан, сол көмірден шығатын газдарды қосымша қыздыру арқылы химиялық шаруашылығына қажетті әртүрлі химиялық заттарды алып алады. Коксохимиктер — кокс батареясында істелетін люковойлар, есік ашатын, көмір дайындайтын машиналардың машинистері, мотористер, химия бөлімінде істейтін скрубберщиктер, газозчиктер, слесарьлар болып неше топқа бөлінеді.

Мысалға, Свердлов ауданында онжылдықты бітірген Ділдәбай Көпбосынов, Мерке ауданының Киров атындағы колхозынан келген Шытызбек Тілеубаев және Қазан Магниткасына Жамбыл қаласының өзінен аттанған Қытжан Есентаев көмір дайындаушы моторист болып үйренуде.

— Жігіттердің оқуға деген, үйренсем, білсем деген тасы бізді керемет таңқалдырды! Айналайындар, ақылдыңды екі етпейді ғой. Аузыңнан шыққанды әп-сәт қағып алады. Зерделі жігіттер! Жұмыстан жеруді білді. Жақсы маман болып шығады,— дейді олар туралы дерін осы кәсіпке тікелей баулып жүрген жұмысшы қаушылар Мария Ивановна Возмилова, Клавдия Ильевна Власова және Александр Григорьевич Шихов.

Мол шалғынды жайылымдары мыңғырған малға атақты Талас ауданының Ойық селосынан келген Бекетаев қан Бекетаев солдаттық өмірдің сынынан өтіп, ысық жігіт. Ол мұнда теріс басқанды тезге салып, адаспай жол сілтеп, ақылшы, аға іспетті. Ауылда жүргенде

ған машиналары тоқтау білмейтін озат шофер атанса, енді кокс пештерінің есіктерін ашатын машинаны басқаруда да үйреншікті баранкасында отырғандай ептілік танытып, ынталы еңбегімен өзгелерге өнеге көрсетеді.

Облыс орталығынан келген он сегіз жастағы Бибоба Әміров, Нұрбек Шойбеков, Балтабай Қірбасов, жуалылық Мадияр Дүйсебеков және Жамбыл ауданының өкілі Ботай Айманбетовтар қыздырылған газдардан түрлі заттарды бөліп алатын химиялық тұту бөлімшесінде оқып жатыр. Бибоба мен Нұрбек қаладағы № 1 балалар үйінде тәрбиелене жүріп, орта мектепті биыл ғана бітірген екен. Ал Мадиярдың кәмелеттік аттестат алып, туған колхозында тракторшы болып істегеніне төрт жылға аяқ басыпты. Балтабай да еңбек етуге ерте араласқан жігіт. Ол № 360 құрылыс-монтаж поезында тасшы болып істей жүріп, 10 класты кешкі жұмысшы-жастар мектебінде оқып бітіріпті. 2-разрядты боксшы, былтыр қаланың құрама командасына мүшелікке өтіпті. Одан Ботай да кем емес. Ол 1-разрядты мерген.

Металлург мамандығын меңгеру еш уақытта да Тұңғатардың ойына кіріп-шыққан нәрсе емес еді. Ол 1957 жылы 7 класты бітіргеннен кейін Қордай ауданының «Искра Ленина» колхозында шопан болып істейтін әкесі Сұраншыға көмекке келді. Қарамақтарында 1200 бас қой барды. Бірер жылдан соң Тұңғатар қой бағудың әдіс-тәсіліне төселіп, ысылған шопан болып алды да, қартайған әкесінің жүгін жеңілдетіп, негізгі ауыртпалықты өз иығымен көтере бастады. Әр жүз саулықтан 110 қозыдан алып, әр қойдан 4,2 килодан жүн қырықты. Колхоздың алдыңғы қатарлы шопандарының тобына қосылып, қолға алған ісі де оңға басып келе жатқан еді.

Осы кезде Республика комсомолының Орталық Комитеті жастарды Қазақстан Магниткасына аттануға шақырып, жас өрендерге ұран тастады. «Менің де орным сонда, өзіміздің Магниткада. Қажет екен, бару керек!» деп шешті Тұңғатар. Өйткені ол Ленин комсомолының мүшесі ғой. Қордай аудандық комсомол комитетіндегі жолдас-тар да оған жолдаманы шын ықыластарымен берді.

Қалған жігіттер — Асқар Дүйсенәлиев, Ермағанбет Ағыбаев, Ермеш Ахметов, Әскерім Бектенбаев, Қазыбек Көтербаев, Махамбет Әбдуәлиев, Омархан Ысқақов, Әбілда Ербаев және Аяпберген Шыныбеков — слесарь, электрослесарь, срубберщик, люковой мамандықтарын меңгеру үшін оқып жатыр.

Айта кету керек, олардың оқуы ерекше. Мұнда кл немесе аудиторияда отырып оқу жоқ. Олар сабақты лей жұмыс орнында, еңбек ете жүріп тыңдайды. Комнат жұмысшыларымен бірге олар да смена-сменаға бніп, гудокпен қосыла іске кіріседі. Сол гудоктың қуа үні алғашқы кезде құлаққа біртүрлі жат естіліп, бойды түсініксіз құдіретімен тітіркендіріп тұратын бо енді келе-келе жігіттер оған әбден дағдыланып, етене ренісіп кетті. Гудок үні құлаққа аса бір жағымды әуе жылы тиетін болды. Гудок даусы олардың енді жұмыс екенін, әлі де толық таныс емес, бірақ сонда да бұған тәрізді болып кеткен цехы, ондағы меймандос орыс мысшыларын, алыстағы Қазақстан Магниткасын, кей-кейде ешбір қатысы жоқ ауылды да еске салады.

Гудок үні П. Демидовты тағы еске түсірді. Дүни қазақ деген халық барын білді ме екен ол, сірә? Білсе қараңғы қапаста болған сол «тағы халықтың» кең жері арасында Демидовтың Невьянскідегі атақты пешінен алай есе қуатты домна пеші салынады, оны бір кездері ратана атанған елдің азаматтары жүргізе алады деп алай қойған жоқ шығар. Сол Демидов біздің бола алыбымыз — Қазақстан Магниткасын, ондағы ғала техниканы көрсе, өз көзіне сенер ме еді, сенбес пе еді?

Міне, біздің советтік шындық! Құла түзде қала отып, бір кезде мықты мамандардың өзі де арман ете маған алып заводты салдырып жатқан социалистік теманың бүгінгі шындығы бұл!

2. АҒА ТӘРБИЕСІ

«ММК» деген қарапайым ғана маркасы бар металл бұйымдарын ұлан-байтақ Отанымыздың кез келген пірінен, көптеген шетелдік мемлекеттерден кездесті болады. Осы бір үш әріптің мағынасы біздің Совет С ғында ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде жақсы белгілі. Дос ниетті адамдар оған сүйсіне, қу қараса, дұшпандар ызалы өшпенділікпен көз аларты. Бұл — еліміздің қара металлургиясының ең ірі ортал болып табылатын даңқы әлемге жайылған Магнитог металлургия комбинатының маркасы.

Магнитканың атын шығарған тек оның күш-қуаты на емес, ол металлург кадрларын даярлайтын нағыз ү дүкені болып табылады. Оралдың, Сибирьдің, Кр Рогтің, Запорожьенің, Череповецтің және Бакудің кө